



6. Осы Жарлық 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2003 жылғы 31 желтоқсандағы

№ 1270 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

## **Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі туралы ереже**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Агенттік өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілдегі атауы жазылған мөрі және мөртабаны, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ банктерде шоттары болады.

Агенттіктің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі" мемлекеттік мекемесі.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.12.10. № 1495 Жарлығымен.**

4. Агенттікті қаржыландыру және ұстау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) бюджетінің (шығыстар сметасының) қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Агенттікті қаржыландырудың жалпы сомасын бекітуді Ұлттық Банктің Басқармасы Агенттік Төрағасының ұсынымы бойынша жүзеге асырады.

4-1. Агенттік қаржы жылы ішінде шығыстарды өтеумен байланысты өзге де қаржылық түсімдерді:

1) заңды күшіне енген сот шешімінің негізіндегі;

2) қайта ұйымдастырылуға орай Агенттікке құқықтар мен міндеттер берумен байланысты;

3) қаржы ұйымдарының қызметкерлері үшін Агенттік ұйымдастырған оқыту шығыстарын өтейтін;

4) қызметтік емес сипаттағы көліктік қызмет, қалааралық және халықаралық сөйлесулер үшін өтем ретінде Агенттік қызметкерлерінен алынған;

5) шығыстарды өтеумен байланысты өзге де қаржылық түсімдерді ж и н а қ т а й д ы .

**Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2006.01.18. N 20 Жарлығымен.**

4-2. Қаржы жылының нәтижелері бойынша, Ұлттық Банкпен келісілген мерзімде, Агенттік Төрағасының не оның орнындағы адамның шешімі негізінде осы Ереженің 4-1-тармағында көзделген қаржылық түсімдер Ұлттық Банктің б ю д ж е т і н е а у д а р ы л а д ы .

**Ескерту. 4-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2006.01.18. N 20 Жарлығымен.**

5. Агенттік өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға кіреді.

6. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілсе, Агенттіктің мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабын бітіруге құқығы бар.

7. Агенттіктің құрылымын және жалпы штат санын Агенттік Төрағасының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

8. Осы Ереже Агенттіктің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Агенттіктің заңды мекен-жайы: 050000, Алматы қаласы, Әйтеке би, 67.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2004.12.10. N 1495 , өзгерту енгізілді - 2006.01.18. N 20 Жарлықтарымен.**

9-1. Агенттік өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңдары негізінде және оларды орындау үшін барлық қаржы ұйымдарының, қаржы қызметтерін тұтынушылардың, басқа да заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді шығарады.

Агенттіктің нормативтік құқықтық актілері оның "Қаржы хабаршысы", " Финансовый вестник" ресми басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде ж а р и я л а н а д ы .

**Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2004.12.10. N 1495 Жарлығымен.**

## 2-тарау. Агенттіктің мақсаттары, міндеттері және функциялары

10. Агенттіктің мақсаттары:

1) қаржы нарығының және қаржы ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және тұтастай алғанда қаржы жүйесіне деген сенімді қолдау;

2) қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың мүдделерін қорғаудың тиісінше деңгейін қамтамасыз ету;

3) қаржы ұйымдарын қаржы нарығындағы адал бәсекені қолдау, бағытталған қызметі үшін тең құқылы жағдайлар жасау болып табылады.

11. Агенттіктің міндеттері:

1) қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтарды болдырмау жөніндегі шараларды іске асыру;

2) адал бәсеке принциптерінде қаржы ұйымдарының тиісті түрлерінің жұмыс істеуі үшін тең жағдайлар жасау;

3) қаржы ұйымдарының қызметін реттеу мен қадағалаудың стандарттары мен әдістерінің деңгейін арттыру, олар қабылдаған міндеттемелердің уақтылы және толық орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды пайдалану;

4) қаржы ұйымдары қызметінің стандарттарын белгілеу, қаржы ұйымдарын корпоративтік басқаруды жақсарту үшін ынталандыру шараларын жасау;

5) қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтау мақсатында қаржы рыногының және қаржы ұйымдарының мониторингі;

6) қаржылық тұрақтылықты қолдау мақсатында қаржы нарығының неғұрлым тәуекелге бейім салаларындағы қадағалау ресурстарын шоғырландыру;

7) қазіргі заманғы технологияларды ендіруді ынталандыру тұтынушылар үшін қаржы ұйымдары мен олар көрсететін қаржылық қызметтер туралы ақпараттың толық және қол жетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

12. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мемлекеттік реттеу мен қадағалау жөніндегі негізгі функцияларды, соның ішінде шоғырландырылған негізде, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда банктік, сақтандыру қызметін, жинақтаушы зейнетақы қорларының, инвестициялық қорлардың, кредиттік бюролардың қызметін, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу мен қадағалау жөніндегі негізгі функцияларды орындайды.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2006.05.22. N 119 Жарлығымен.**

13. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеу мен қадағалауды, соның ішінде шоғырландырылған негізде жүзеге асыру мақсатында, Агенттік:

1) өзі белгілеген тәртіппен банктер ашуға және оларды ерікті түрде қайта ұйымдастыруға және таратуға, банктерге еншілес ұйым құруға және сатып алуға, банктің ұйымның жарғылық капиталына қомақты қатысуына рұқсат береді не рұқсат беруден бас тартады, сондай-ақ банктің және банктік холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім береді;

2) өзі белгілеген тәртіппен банктердің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім береді (қайтарып алады);

3) өзі белгілеген тәртіппен банктердің құрылтай құжаттарына (соның ішінде оларға өзгерістер мен толықтыруларға) келісім береді;

4) өзі белгілеген тәртіппен банк операцияларының жекелеген түрлерін және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге операцияларды жүргізуге, соның ішінде Ұлттық Банктің оң қорытындысы болған кезде, сондай-ақ банк қызметінің аудитін жүзеге асыруға лицензия береді, беруден бас тартады, Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда берілген лицензиялардың қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өкілеттіктер шегінде банктік қызмет және банктерді тарату мәселелері жөнінде барлық банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, соның ішінде ипотекалық ұйымдар және олардың клиенттері орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілер шығарады, сондай-ақ олардың сақталуын қадағалауды жүзеге асырады;

5-1) салымдарға (депозиттерге) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) тәртібін белгілейді;

5-2) банктердің банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, соның ішінде ипотекалық ұйымдардың және банктерге аудит жүргізуге лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың тізілімін жүргізеді;

6) банктердің ірі қатысушыларын және банктік холдингтерді анықтау мақсатында банктердің тікелей немесе жанама қатысушыларының, жеке және заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарын және өзге де ақпаратты, Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда банктермен аффилиирленген тұлғалардың қаржылық есепті және өзге ақпаратты ұсынуын талап етеді;

7) банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, соның ішінде ипотекалық ұйымдардың және олардың аффилиирленген тұлғаларының шоғырландырылған негіздегі есеп беруін қоса алғанда (қаржылық және статистикалық есеп беруді қоспағанда), есеп беруді ұсыну тізбесін, нысандарын, мерзімдері мен тәртібін белгілейді;

8) банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, соның ішінде ипотекалық ұйымдардың және олардың филиалдарының қызметін, соның ішінде мемлекеттік органдарды және өзге де ұйымдарды тарта отырып тексереді және Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда банктерден, мемлекеттік органдардан және азаматтардан ол өзінің бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті деп санайтын ақпаратты алады, алынған ақпарат бойынша түсіндіруді талап етеді;

9) банктік конгломераттардың қызметін реттейді және банктердің аффилиирленген тұлғаларының, банктердің қызметіне олардың әсер ету дәрежесін және сипатын айқындау мақсатында нормативтік құқықтық актілерге сәйкес олардың қызметін, соның ішінде мемлекеттік органдарды және өзге де ұйымдарды тарта отырып тексереді;

10) банктерге, банктік конгломераттарға, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, соның ішінде ипотекалық ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді және сақталуға міндетті өзге нормалар мен лимиттерді белгілейді ;

11) үмітсіз және күмәнді активтерді қамтамасыз ету үшін провизиялар қалыптастырудың тәртібі мен шарттарын айқындайды;

12) банктер және олардың аффилиирленген тұлғалары, банктердің ірі қатысушыларының аффилиирленген тұлғалары, банктік холдингтер, сондай-ақ банктік конгломераттың құрамына кіретін ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, соның ішінде ипотекалық ұйымдар оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнама және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзған жағдайда, оларға шектеулі ықпал ету шараларын, санкцияларды, мәжбүрлеу шараларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де ықпал ету шараларын қолданады;

13) банктердің, банктердің ірі қатысушыларының, банктік холдингтердің, банктік ірі қатысушысының немесе Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес банктік холдингтің белгілеріне сәйкес келетін жеке және заңды тұлғалардың және олардың лауазымды тұлғаларының, соның ішінде тарату комиссиялары төрағаларының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, соның ішінде ипотекалық ұйымдардың әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерін қарайды, оларға Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес жаза қолданады;

14) банктерден, сондай-ақ олардың аффилиирленген тұлғаларынан, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан, соның ішінде ипотекалық ұйымдардан қаржылық және өзге де есепті және өзінің

бақылау мен қадағалау функцияларын қамтамасыз етуі үшін қажетті басқа ақпаратты алады;

15) алынып тасталды

16) банктерді консервациялау және банктің уақытша әкімшілігін (банктің уақытша басқарушысын) тағайындау туралы шешім қабылдайды;

17) банк қызметінің аудитін жүргізуге өкілетті аудиторлық ұйымның (аудитордың) есеп жасау тәртібін айқындайды;

18) олардың банктің ірі қатысушысына және (немесе) банктік холдингке тиесілі банктің акцияларын сенімгерлік басқаруды жүзеге асыруы туралы, ал Үкіметпен келісім бойынша - банктің кредиторларының мүдделерін қорғау және Қазақстан Республикасының банктік жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында және кейіннен жедел түрде меншікті капиталының кері мөлшері бар екінші деңгейдегі банктердің акцияларын жаңа инвесторларға сату шартымен мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдайды, банктердің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды кейіннен инвесторларға сату тәртібін белгілейді ;

18-1) банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу үшін өз өкілін жібереді;

18-2) қадағалау функцияларын жүзеге асыру мақсатында банктерде өз өкілін ұстай алады;

19) уақытша әкімшіліктің (уақытша басқарушының) қызметіне бақылауды жүзеге асырады, соның ішінде:

банк операцияларын жүргізуге лицензиялар қайтарылып алынғаннан кейінгі кезеңге уақытша әкімшілікті (уақытша басқарушыны) тағайындау тәртібін және өкілеттіктерін белгілейді ;

уақытша әкімшіліктің (уақытша басқарушының) есебін және өзге де ақпарат ұсынуына қойылатын талаптарды белгілейді ;

құжаттар мен мүлікті уақытша әкімшіліктен (уақытша басқарушыдан) тарату комиссиясының төрағасына қабылдау-өткізу актісін бекітеді;

20) тарату комиссияларының төрағаларына және мүшелеріне кандидатураларға қойылатын талаптарды белгілейді ;

21) мәжбүрлеп таратылатын банктің филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып, тарату комиссияларын тағайындайды;

22) өзі белгілеген тәртіппен тарату комиссияларының қызметін бақылауды жүзеге асырады, соның ішінде:

мәжбүрлеп таратылатын банктің аралық тарату балансын және кредиторлар талаптарының тізілімін, ерікті немесе мәжбүрлеп таратылатын банктердің кредиторлар комитетінің құрамын бекітеді ;

тарату комиссияларының есеп және қосымша ақпарат ұсыну нысандарын,

мерзімдерін және кезеңділігін белгілейді ;  
мәжбүрлеп таратылатын банкті тарату туралы есепті және тарату балансын к е л і с е д і ;

тарату комиссияларының қызметін тексереді және олар орындауға міндетті н ұ с қ а м а л а р ш ы ғ а р а д ы ;

таратылатын банктің кредиторлар комитетін қалыптастырудың және қызметінің ерекшеліктерін белгілейді ;

тарату шығыстарының сметасын қалыптастыру және бекіту ерекшеліктері мен т ә р т і б і н белгілейді ;

тарату комиссиясының кассадағы қолма-қол ақшаны сақтау, қолма-қол ақшамен кіріс және шығыс операцияларын жасау, кассалық құжаттарды жүргізу ережелерін орындау, қолма-қол ақшаның жұмсалуды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарын, касса қалдықтарының лимиттерін, сондай-ақ тарату комиссиясының ағымдағы шотына қолма-қол ақшаны өткізу мерзімдерін айқындайды;

22-1) мәжбүрлеп таратылатын банктің таратылу тәртібін және тарату комиссиясының жұмысына қойылатын талаптарды айқындайды ;

22-2) ерікті таратылатын банкердің тарату комиссиялары қызметінің ерекшеліктерін айқындайды ;

23) **алынып тасталды**

24) Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.12.10. N 1495 , 2006.05.22. N 119 Жарлықтарымен.**

14. Агенттік сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалауды жүзеге асыру мақсатында:

1) Қазақстан Республикасында сақтандыру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және ұлттық сақтандыру нарығының инфрақұрылымын қалыптастыру, сақтанушылардың және сақтандыру нарығының өзге де қатысушыларының заңды мүдделерін қорғау жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізеді;

2) өз құзыреті шегінде сақтандыру нарығының барлық қатысушылары, тарату өндірісінің қатысушылары орындауға міндетті сақтандыру қызметі және оны қадағалау, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

3) трансшекаралық сақтандыруды және қайта сақтандыруды жүргізудің шарттары мен тәртібін айқындайды;

4) сақтандыру брокері қызметінің шарттарын айқындайды, оның ішінде сақтандыру брокерінің жарғылық капиталының ең аз мөлшеріне қойылатын талаптарды белгілейді;

5) сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымы үшін жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеті маржасының ең төменгі мөлшерін қоса алғанда, пруденциалдық нормативтерді және сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді белгілейді және олардың сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді ;

б) актуарлық қызметті жүзеге асыру тәртібін және оған, сондай-ақ міндетті актуарлық есептерді жүргізуге қойылатын талаптарды айқындайды;

6-1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру сыныптары ( түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістеріне және есептеу қағидастарына талаптарды қояды;

6-2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылық коэффициентін есептеу тәртібін айқындайды;

7) сақтандыру портфелін беру тәртібін айқындайды;

8) **алынып тасталды**

9) өзі белгілеген тәртіппен сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру нарығындағы актуарийлердің және уәкілетті аудиторлардың қызметін лицензиялайды;

9-1) сақтандыру қызметіне аудитті жүзеге асыруға қойылатын талаптарды белгілейді;

10) өзі белгілеген тәртіппен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ашуға, оларды ерікті түрде қайта ұйымдастыруға және таратуға, сақтандыру ( қайта сақтандыру) ұйымдарына еншілес ұйым құруға және сатып алуға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат береді не рұқсат беруден бас тартады, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларымен мәмілелер жасауға келісім, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім береді;

11) өзі белгілеген тәртіппен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім береді (қайтарып алады);

12) сақтандыру қызметінің субъектілерін, сақтандыру брокерлерін, сақтандыру қызметінің субъектілері мен сақтандыру брокерлерінің окшауланған бөлімшелерін тексереді;

13) сақтандыру нарығының субъектілерінен өзінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға қажетті ақпарат алады;

13-1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу үшін өз өкілін жібереді;

14) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің өздерінің бақылау және қадағалау функцияларын қамтамасыз ету

үшін шоғырландырылған негіздегі есеп беруін қоса алғанда (қаржылық және статистикалық есеп беруді қоспағанда), есеп беруді ұсыну тізбесін, нысандарын, мерзімдері мен тәртібін белгілейді;

15) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, олармен және олардың құрылтайшыларымен аффилиирленген тұлғалардың, сондай-ақ сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қатысуымен консорциумдарға және жай серіктестіктерге қатысатын ұйымдардың қызметін шоғырландырылған қадағалау ережесін айқындайды;

16) сақтандыру статистикасын, сақтандыру нарығының жағдайын экономикалық талдауды дайындау үшін сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қауымдастықтарынан, одақтарынан және бірлестіктерінен, мемлекеттік органдардан қажетті ақпарат алады;

17) сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарына, сақтандыру брокерлеріне, актуарийлерге және уәкілетті аудиторларға берілген лицензияларды қолдануды тоқтата тұру, жаңарту және қайтарып алу туралы шешім, сондай-ақ сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша сот тәртібімен тоқтату жөнінде шаралар қолданады;

17-1) Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру брокеріне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларына қатысты шектеулі ықпал ету шараларын, мәжбүрлеу шараларын, санкцияларды және өзге де ықпал ету шараларын қолданады;

18) алынып тасталды

19) уақытша әкімшіліктің қызметіне бақылауды жүзеге асырады, оның ішінде :

уақытша әкімшілікті тағайындау тәртібін және өкілеттіктерін белгілейді;  
уақытша әкімшіліктің есеп және өзге ақпарат ұсынуына қойылатын талаптарды белгілейді;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттары мен мүлкін уақытша әкімшіліктен тарату комиссиясының төрағасына қабылдау-өткізу актісін бекітеді ;

20) тарату комиссияларының төрағаларына және мүшелеріне кандидатураларға қойылатын талаптарды белгілейді;

21) мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып тарату комиссияларын тағайындайды;

22) өзі белгілеген тәртіппен тарату комиссияларының қызметін бақылауды жүзеге асырады, соның ішінде :

мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аралық тарату балансын және кредиторлар талаптарының тізілімін бекітеді;

таратылатын сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының кредиторлар комитетінің құрамын бекітеді;

тарату комиссияларының есеп және қосымша ақпарат ұсыну нысандарын, мерзімдерін және кезеңділігін белгілейді;

мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы есепті және тарату балансын қарайды және келіседі;

тарату комиссиясының қызметін тексереді және олар орындауға міндетті нұсқамалар шығарады;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссиялары төрағаларының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерін қарайды, оларға Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жаза қолданады;

таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлар комитетін қалыптастыру және қызметінің ерекшеліктерін белгілейді;

тарату шығыстарының сметасын қалыптастыру және бекіту ерекшеліктері мен тәртібін белгілейді;

тарату комиссиясының кассадағы қолма-қол ақшаны сақтау, қолма-қол ақшамен кіріс және шығыс операцияларын жасау, кассалық құжаттарды жүргізу ережелерін орындау, қолма-қол ақшаның жұмсалуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарын, касса қалдықтарының лимиттерін, сондай-ақ тарату комиссиясының ағымдағы шотына қолма-қол ақшаны өткізу мерзімдерін айқындайды;

22-1) мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының таратылу тәртібін және тарату комиссиясының жұмысына қойылатын талаптарды айқындайды;

22-2) ерікті таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссиялары қызметінің ерекшеліктерін айқындайды;

23) сапасы және өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып есептелген активтердің құны және міндеттемелер арасында теріс айырма белгіленген жағдайда сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының оның акционерлеріндегі акцияларды мәжбүрлеп сатып алу және осы акцияларды сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары жөніндегі барлық міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру шартымен сатып алуға ниет білдірген жаңа инвесторға сату туралы шешім қабылдайды;

24) басқа мемлекеттердің орталық сақтандыруды қадағалау органдарымен қатынастарда, халықаралық және өзге сақтандыру ұйымдарында Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді;

25) алынып тасталды

25-1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасайтын бірлескен қызмет туралы шарттарды тіркейді, өзінің мүлкін кепілге қою шарттарының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кепілдіктерінің (кепілдемелерінің) және теңгерімде көрсетілмейтін өзге де міндеттемелерінің тізілімдерін жүргізеді;

26) Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнама актілеріне сәйкес сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның өзге де функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асырады.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.12.10. N 1495, 2006.05.22. N 119 Жарлықтарымен.**

15. Агенттік бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін реттеу мен қадағалауды жүзеге асыру мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру және дамыту саласындағы басымдықтарды айқындайды;

2) Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар нарығының жұмыс істеуін камтамасыз ету және ұлттық бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын қалыптастыру, бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың құқықтары мен Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен қорғалатын мүдделерін қорғау жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізеді;

3) өзінің құзыреті шегінде бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша бағалы қағаздар нарығының субъектілері орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

4) қаржы нарығының активтерін бағалы қағаздар ретінде таниды;

5) мемлекеттік емес бағалы қағаздар мен туынды бағалы қағаздар шығару және айналысының шарттары мен тәртібін айқындайды;

6) мемлекеттік емес бағалы қағаздардың, соның ішінде туынды бағалы қағаздардың шығарылымдарын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады, оларға ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін береді, бағалы қағаздарды, соның ішінде туынды бағалы қағаздарды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарайды, осындай есептерді бекітеді не бекітуден бас тартады, сондай-ақ мемлекеттік емес бағалы қағаздардың, соның ішінде туынды бағалы қағаздардың шығарылымдарының күшін жояды;

7) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің, облигациялық бағдарламаның және облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялар шығарылымдарының құрылымын, оларды жасау және ресімдеу тәртібін, сондай-ақ бағалы қағаздарды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептердің құрылымын белгілейді;

8) Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін, бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялар тізілімін және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру құқығына берілген біліктілік куәліктерінің тізілімін жүргізу шарттары мен тәртібін белгілейді;

9) бағалы қағаздарға ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін беру тәртібін белгілейді;

10) эмитент пен өкіл арасында жасалған облигациялар ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптарды, өкілдің функциялары мен міндеттерін орындау тәртібін, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі мен жағдайларын, сондай-ақ ипотекалық облигациялардың эмитенті таратылған жағдайда облигациялар ұстаушылар өкілінің өкілеттіктерін жүзеге асыру тәртібін белгілейді;

11) алынып тасталды - ҚР Президентінің 2006.01.18. N 20 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Жарлығымен.

12) қаржылық агенттік мәртебесін береді, қаржылық агенттік мәртебесін жоғалту шарттары мен тәртібін белгілейді;

13) банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар шығарған облигациялар қайталама бағалы қағаздар нарығында айналыста болған кезде олар облигациялар шығаруға ниетті болған жағдайда сақталуы тиісті талаптарды белгілейді;

14) бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті, сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында лицензиялауға жататын басқа қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензия беру шарттары мен тәртібін белгілейді және лицензия береді, лицензия беруден бас тартады, осындай лицензияларды қолдануды тоқтата тұрады және қолдануын жаңартады әрі оларды қайтарып алады, Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда берілген лицензиялардың қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдайды;

15) бағалы қағаздар нарығында жұмыс істеу үшін жеке тұлғаларға аттестация жүргізу және біліктілік куәліктерін беру, сондай-ақ біліктілік куәліктерінің қолданылуын тоқтата тұру немесе қайтарып алу тәртібін белгілейді;

16) лицензиаттардың аудитін жүргізу ерекшеліктерін белгілейді;

17) алынып тасталды - ҚР Президентінің 2006.01.18. N 20 Жарлығымен.

18) бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет түрлерін қоса атқару шарттары мен тәртібін белгілейді;

19) алынып тасталды - ҚР Президентінің 2006.01.18. N 20 Жарлығымен.

20) жеке тұлғаларды бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру құқығына аттестациядан өткізеді, біліктілік куәліктерін иеленушілерді қайтадан аттестациядан өткізеді, аттестациядан өткен тұлғаларға біліктілік куәліктерін

береді және қайтадан аттестациядан өткен тұлғалар үшін оларды қолдану мерзімін ұзартады, біліктілік куәліктерін қолдануды тоқтата тұрады және жаңартады, біліктілік куәліктерін қайтарып алады;

21) лицензияны қолдану тоқтатыла тұрған немесе ол қайтарып алынған жағдайда клиенттер алдындағы лицензиаттың міндеттемелерін орындау тәртібін белгілейді;

22) эмиссиялық бағалы қағаздарды және туынды бағалы қағаздарды орналастыруды және айналысқа жіберуді тоқтата тұрады және жаңартады;

23) бағалы қағаздар нарығындағы қызметті кәсіби деп таниды;

24) пруденциалдық нормативтердің және өзге де көрсеткіштердің түрлерін немесе лицензиаттардың қаржылық тұрақтылығының критерийлерін ( нормативтерін) және оларды есептеу тәртібі мен әдістемесін белгілейді;

25) бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті және лицензияланатын басқа қызмет түрлерін жүзеге асыру ережелерін, соның ішінде бағалы қағаздармен мәмілелер жасау шарттары мен тәртібіне, осы мәмілелерді есепке алуға және олар бойынша есеп беруге қойылатын талаптарды айқындайды;

26) бағалы қағаздар нарығындағы төлем агентінің қызметін жүзеге асыру шарттары мен тәртібін белгілейді; V032632

27) Қазақстан депозитарлық қолхаттарын шығару, орналастыру, айналысы және өтеу, сондай-ақ оларды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті ұсыну шарттары мен тәртібін белгілейді; V032646

28) бағалы қағаздар нарығында лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және олардың аффилиирленген тұлғаларының есеп беруін ұсыну (қаржылық және статистикалық есеп беруді қоспағанда) тізбесін, нысандарын, мерзімдері мен тәртібін белгілейді;

29) лицензиаттардың бағалы қағаздар нарығындағы қызмет туралы есептер беру кезеңділігін, сондай-ақ есеп беру нысандарын және оларды ұсыну тәртібін белгілейді;

30) Қазақстан Республикасының резидент еместерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарын, туынды бағалы қағаздарын және халықаралық ұйымдардың Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын және орналастырылатын бағалы қағаздарын шығару және айналысының шарттары мен тәртібін белгілейді ;

31) Қазақстан Республикасының резидент емес ұйымдарының шығарылымы шет мемлекеттің заңдарына сәйкес тіркелген Қазақстан Республикасының резиденті емес ұйымдарының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының ұйымдасқан нарығында айналысқа жіберу тәртібін белгілейді;

32) өзі белгілеген тәртіппен лицензиаттардың басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім береді (қайтарып алады);

33) эмитенттердің, лицензиаттардың, өзін-өзін реттейтін ұйымдардың, бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының, сондай-ақ біліктілік куәліктерін иеленушілердің қызметін, соның ішінде сол жерде тексеру және бағалы қағаздар нарығының мәселелері жөніндегі мамандарды консультанттар ретінде тарту арқылы қадағалауды және бақылауды жүзеге асырады;

34) зейнетақы активтерін инвестициялау тәртібін белгілейді;

35) **алынып тасталды - ҚР Президентінің 2006.01.18. N 20 Жарлығымен.**

36) өзінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардан және бағалы қағаздар нарығы субъектілерінен қажетті ақпаратты сұратады және алады;

37) бағалы қағаздардың, оның ішінде туынды бағалы қағаздардың бағаларымен айла-шарғы жасауға қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты пайдалану арқылы бағалы қағаздар нарығында мәмілелер жасауға бақылауды жүзеге асырады;

38) заңды тұлғаға өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесін береді, сондай-ақ оны беру және жоғалту тәртібін белгілейді; V032633

39) бағалы қағаздар нарығының субъектілері туралы онда бар мәліметтерді пайдалана отырып бағалы қағаздар нарығының мәселелері жөніндегі ақпаратты (коммерциялық, банктік, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда), сондай-ақ бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне қолданған шаралары туралы ақпаратты жариялайды;

40) бағалы қағаздар нарығын реттейтін шетелдік органдармен бағалы қағаздар нарығын реттеу жөнінде қолданатын шараларды үйлестіру, бағалы қағаздар нарығындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау мәселелері және өзара мүддені білдіретін өзге де мәселелер бойынша өзара іс-әрекет жасайды;

41) қоғамның дауыс беретін акцияларының отыз және одан көп процентін бағалы қағаздардың қайталама нарығында сатып алу ниеті туралы хабарлама ұсыну тәртібін белгілейді; V032560

42) акционерлік қоғамдардың қаржылық есебін баспасөз басылымында жариялау мерзімдерін айқындайды; V032456

43) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі болуы тиіс мәліметтерді айқындайды;

44) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін бағалау тәртібін айқындайды;

44-1) арнайы қаржы компаниясын ерікті қайта ұйымдастыруға немесе таратуға рұқсат алу тәртібін айқындайды;

44-2) арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтері бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізбесін белгілейді;

44-3) арнайы қаржы компаниясының жаңа басқарушы агентке берілетін активтерін салыстыру тәртібін белгілейді;

44-4) үлгі кастодиан шартын әзірлейді және оның нысанын белгілейді;  
V032320

44-5) кастодиан банктің арнайы қаржы компаниясының активтерін мақсатына лайық орналастыруға бақылау жасау тәртібін айқындайды;

44-6) арнайы қаржы компаниясының активтерін жаңа кастодиан банкке беру тәртібін айқындайды;

45) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу жөніндегі өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.12.10. N 1495 , 2006.01.18. N 20 , 2006.05.22. N 119 Жарлықтарымен.

16. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу мен қадағалауды жүзеге асыру мақсатында Агенттік:

1) жинақтаушы зейнетақы қорын құруға, оның ерікті қайта ұйымдастырылуына және таратылуына рұқсат беру шарттары мен тәртібін белгілейді;

2) өзі белгілеген тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялайды, сондай-ақ лицензияны қолдануды тоқтата тұрады және жаңартады немесе оны қайтарып алады;

3) үлгі кастодиан шартының және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың нысанын әзірлейді және бекітеді; V032320 , V095603

4) жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтайшыларына, акционерлеріне қойылатын талаптарды белгілейді;

5) алынып тасталды

6) өзі белгілеген тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім береді (қайтарып алады);

7) пруденциалдық нормативтердің тізбесін, олардың нормативтік мәнін, есептеу әдістемесін белгілейді;

8) жинақтаушы зейнетақы қорларының және олардың аффилиирленген тұлғаларының есеп беруін ұсыну (қаржылық және статистикалық есеп беруді қоспағанда) тізбесін, нысандарын, мерзімдері мен тәртібін белгілейді;

8-1) жинақтаушы зейнетақы қорларының бұқаралық ақпарат құралдарында есеп беруді (қаржылық және статистикалық есеп беруді қоспағанда) және өз қызметі туралы ақпаратты жариялау тәртібін белгілейді;

9) жинақтаушы зейнетақы қорының, онымен және оның құрылтайшыларымен аффилиирленген тұлғалардың және жинақтаушы зейнетақы қорымен бірге

шоғырландырылған негізде консорциумдарға және жай серіктестіктерге қатысатын ұйымдардың қызметін реттеуді жүзеге асыру ережесін белгілейді;

10) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы ережелерін келіседі;

11) жинақтаушы зейнетақы қорының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін, жарғылық капиталды қалыптастырудың тәртібін және құрамын белгілейді ;

12) агенттің жинақтаушы зейнетақы қоры алдындағы салымшылардың аударылған зейнетақы жарналары туралы есеп беру нысанын белгілейді;

13) өзінің құзыреті шегінде жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу және оларды тарату мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

14) өзінің жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті мемлекеттік органдарынан және өзге ұйымдардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан қажетті құжаттарды сұратады және алады;

15) кастодиан банктің жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін мақсатты орналастыруын бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды;

16) салымшылардың (алушылардың) жеке шоттарындағы жинақталған зейнетақы қаражатын есепке алу тәртібін айқындайды және зейнетақы жарналарын есепке алудың дұрыс жүргізілуін және жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарында инвестициялық кірістің есептелуін бақылауды жүзеге асырады ;

17) жинақтаушы зейнетақы қорларының сақталатын негізгі құжаттарының тізбесін және оларды сақтау мерзімдерін айқындайды ;

18) жинақтаушы зейнетақы қорының аудитін жүзеге асыруға қойылатын талаптарды белгілейді;

19) ашық жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істеп тұрған кезеңде оның дауыс беру құқығы бар акцияларының жалпы санының 25 процентінен астамын тікелей немесе жанама түрде иелену, билік ету және/немесе басқару құқығын жүзеге асыруға рұқсат беру тәртібін белгілейді;

19-1) өзі белгілеген тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларына еншілес ұйым құруға және сатып алуға, жинақтаушы зейнетақы қорының басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат береді не рұқсат беруден бас тартады, сондай-ақ ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім береді;

20) өзі белгілеген тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларын қайта ұйымдастыруға және ерікті түрде таратуға рұқсат береді;

21) жинақтаушы зейнетақы қорларын консервациялау туралы шешім қабылдайды;

22) жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау кезінде уақытша әкімшіліктің қызметін реттейді ;

23) қайта ұйымдастырылатын немесе таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін, оның зейнетақы шарттары бойынша міндеттемелерін басқа жинақтаушы зейнетақы қорына беру тәртібін белгілейді ;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорына, оның аффилиирленген тұлғаларына Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген ықпал ету шараларын , мәжбүрлеу шараларын қолданады;

25) уақытша әкімшіліктің қызметіне бақылауды жүзеге асырады, соның і ш і н д е :

уақытша әкімшілікті тағайындау тәртібін және өкілеттіктерін айқындайды ;

уақытша әкімшіліктің есеп және өзге ақпарат ұсынуына қойылатын талаптарды белгілейді ;

жинақтаушы зейнетақы қорының құжаттары мен мүлкін уақытша әкімшіліктен тарату комиссиясының төрағасына қабылдау-өткізу актісін бекітеді ;

26) мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып тарату комиссияларын тағайындайды;

27) тарату комиссияларының төрағаларына және мүшелеріне кандидатураларға қойылатын талаптарды белгілейді ;

28) мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорларын тарату тәртібін және тарату комиссияларының жұмысына қойылатын талаптарды айқындайды ;

28-1) ерікті таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссиялары қызметінің ерекшеліктерін айқындайды ;

29) өзі белгілеген тәртіппен тарату комиссиясының қызметін бақылауды жүзеге асырады, соның ішінде:

мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының аралық тарату балансын және кредиторлары талаптарының тізілімін бекітеді;

ерікті немесе мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторлар комитетінің құрамын бекітеді;

тарату комиссияларының есеп беру және қосымша ақпарат ұсыну нысандарын, мерзімдерін және кезеңділігін белгілейді ;

мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорын тарату туралы есепті және тарату балансын қарайды және келіседі ;

тарату комиссиясының қызметін тексереді және олар орындауға міндетті  
н ұ с қ а м а л а р ш ы ғ а р а д ы ;

зейнетақы қорының тарату комиссиялары төрағаларының әкімшілік құқық  
бұзушылықтар туралы істерін қарайды, оларға Қазақстан Республикасының заң  
актілеріне сәйкес жаза қолданады;

таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының кредиторлар комитетін  
қалыптастыру және қызметінің ерекшеліктерін белгілейді ;

тарату шығыстарының сметасын қалыптастыру және бекіту ерекшеліктері  
мен тәртібін белгілейді ;

тарату комиссиясының кассадағы қолма-қол ақшаны сақтау, қолма-қол  
ақшамен кіріс және шығыс операцияларын жасау, кассалық құжаттарды жүргізу  
ережелерін орындау, қолма-қол ақшаның жұмсалуды қамтамасыз ету жөніндегі  
талаптарын, касса қалдықтарының лимиттерін, сондай-ақ тарату комиссиясының  
ағымдағы шотына қолма-қол ақшаны өткізу мерзімдерін айқындайды ;

29-1) жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің жалпы жиналысына  
қатысу үшін өз өкілін жібереді;

30) жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі туралы ақпарат жариялау  
тәртібін белгілейді;

31) жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін тексереді;

32) жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін мемлекеттік реттеу  
жөніндегі Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де  
функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2004.12.10. N 1495 ,  
2006.05.22. N 119 Жарлықтарымен.**

### **3-тарау. Агенттіктің Басқармасы**

17. Басқарма Агенттіктің жоғары органы болып табылады.

Агенттіктің Басқармасы тоғыз адамнан тұрады.

Агенттік Басқармасының құрамына Агенттіктің Төрағасы және Агенттіктің  
лауазымды тұлғалары, Қазақстан Республикасының Президентінен, Ұлттық  
Банктен және Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы  
орталығының қызметін реттеу агенттігінен бір-бірден, Қазақстан  
Республикасының Үкіметінен екі өкіл кіреді.

Агенттік Басқармасының Қазақстан Республикасы Президентінен, Қазақстан  
Республикасы Үкіметінен, Ұлттық Банктен, Қазақстан Республикасы Алматы  
қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінен және  
Агенттіктен мүшелерін тиісінше Қазақстан Республикасының Президенті,  
Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ұлттық Банк, Қазақстан Республикасы

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі және Агенттіктің төрағасы тағайындайды және босатады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.12.10 N 1495 , 2006.01.18 N 20 , 2007.05.08 N 326 , 2008.04.23 N 575 Жарлықтарымен.

18. Агенттік Басқармасының құзыретіне қаржы ұйымдарының қызметін реттеу мен қадағалауды жүзеге асырудың мынадай мәселелері кіреді:

1) қаржы нарығын қалыптастыру және дамыту саласындағы басымдықтарды айқындау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өкілеттіктер шегінде нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

3) қаржы ұйымдарын ашуға, ерікті түрде қайта ұйымдастыруға және таратуға рұқсаттар беру не беруден бас тарту және оларды қайтарып алу туралы шешім қабылдау;

4) осы Жарлықтың 21-тармағының 15-1) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, қаржы нарығындағы кәсіби қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияларды беру, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың, қызметін жаңартудың, қайтарып алудың тәртібін белгілеу, сондай-ақ осы лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру, қызметін жаңарту және қайтарып алу туралы шешімдер қабылдау;

4-1) осы Жарлықтың 21-тармағының 15-1) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, кредиттік бюролар қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияларды беру, олардың қолданылуын тоқтата тұрудың, қызметін жаңартудың тәртібін белгілеу , сондай-ақ осы лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру, қызметін жаңарту туралы шешімдер қабылдау ;

5) актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру, қолдануды тоқтата тұру, жаңарту және қайтарып алу тәртібін белгілеу , қаржы ұйымдары қызметінің аудитін жүргізу ;

6) банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының, банктік холдингтің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру туралы шешім қабылдау;

6-1) банктерге, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, жинақтаушы зейнетақы қорларына еншілес ұйымдарды құруға және сатып алуға, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылдау;

7) Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда қаржы ұйымдарының оның акционерлеріндегі акцияларды мәжбүрлеп сатып алу және осы акцияларды жаңа инвесторға сату туралы шешім қабылдау;

8) Агенттіктің банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлерімен банктік холдингке және (немесе) банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысына тиесілі осы қаржы ұйымдарының акцияларын сенімгерлікпен басқару шартын жасасуы туралы шешім қабылдау;

8-1) Агенттік төрағасының не оның орынбасарының құзыретіне жатқызылған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көздемеген жағдайларда қаржы ұйымдарына санкциялар қолдану туралы шешім қабылдау; <\*>

9) Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда қаржы ұйымдарын консервациялау және қаржы ұйымының (қаржы ұйымы) уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау туралы шешім қабылдау;

10) м ы н а д а й :

қаржы нарығының активтерін бағалы қағаздар деп тану;

бағалы қағаздар нарығындағы белгілі бір қызмет түрлерін кәсіби қызмет р е т і н д е т а н у ;

ашық жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істеп тұрған кезеңде оның дауыс беру құқығы бар акцияларының жалпы санының 25 процентінен астамын тікелей немесе жанама түрде иелену, билік ету және/немесе басқару құқығын жүзеге асыруға рұқсат беру туралы шешімдер қабылдау;

қаржы агенттігі, өзін өзі реттейтін ұйым мәртебесін беру және жоғалту туралы шешімдер қабылдау;

10-1) көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау бөлімшесінің жұмысын үйлестіру және бақылау;

11) алынып тасталды

12) Агенттіктің құрылымы, жалпы штат саны және Агенттік туралы ережені қарау, мақұлдау және Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсыну;

13) Агенттік қызметкерлерінің еңбекақы жағдайларын, ақы төлеу жүйесі мен мөлшерлерін, әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етілуін айқындау және бекіту.

Басқарма Агенттіктің құзыретіне кіретін кез келген мәселені қарауға және ол бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Агенттік Басқармасының отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде бір рет өтеді. Басқарманың отырысын Агенттіктің Төрағасы, ал ол болмаған жағдайда - оның орнындағы адам өткізеді.

Агенттік Басқармасының отырысы демалыс және мереке күндерін қоса алғанда кез келген күні және тәуліктің кез келген уақытында өтуі мүмкін. Агенттік Басқармасының отырысы өткізілетін орынды Агенттіктің Төрағасы, ал

ол болмаған жағдайда оның орнындағы адам айқындайды.

Басқарманың отырысы қажеттілігіне қарай бірнеше күн бойы жүргізілуі (жалғасуы) мүмкін. Бұл жағдайда Басқарма отырысының соңғы күні шешім қабылдау күні болып саналады.

Агенттіктің Төрағасы, ол болмаған жағдайда оның орнындағы адам не Басқарма мүшелерінің кем дегенде үштен бірі неғұрлым шұғыл және маңызды мәселелерді талқылау үшін Басқарма отырысының кезектен тыс отырысын өткізуді талап етуге құқылы.

Нақты мәселе бойынша Басқарманың отырысына қатысатын тұлғалар тобын (Басқарма мүшелерінен басқа) Агенттіктің Төрағасы айқындайды.

Басқарманың шешімі Басқарма мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісінің, оның ішінде Агенттіктің Төрағасының, ол болмаған жағдайда оның орнындағы адамның қатысу шартымен Басқарма мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде Агенттік Төрағасының, ол болмаған жағдайда оның орнындағы адамның даусы шешуші болып табылады. Агенттік Басқармасының шешімі сауалнама арқылы да қабылдануы мүмкін.

Агенттіктің Төрағасы Басқарманың шешімін қайтадан талқылау және дауыс беру үшін өзінің келіспеушіліктерімен бірге бір аптадан кешіктірмей қайтаруға құқылы. Егер Басқарма оның жалпы санының үштен екісімен бұрын қабылданған шешімді растаса, Агенттіктің Төрағасы шешімге қол қояды.

Басқарманың жекелеген мүшелерінің тұрақты жұмыс орны Агенттік орналасқан жермен сәйкес келмейтін орын болып табылуы мүмкін екенін назарға ала отырып, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің кейбір мүшелері қызметтік іссапарларда болған немесе өзге дәлелді себептермен болмаған жағдайларда, талқыланатын мәселелер олармен Агенттік Төрағасының телефон бойынша не басқа да байланыс құралдарын пайдаланумен сөйлесуі арқылы келісілуі мүмкін. Олардың қабылданған шешім бойынша позицияларын кейіннен растау Басқарманың қаулысына қол қою кезінде ресімделеді.

Басқарма оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша қаулы қабылдайды.

Басқарма мүшелерінде Басқарманың отырысында талқыланатын мәселе бойынша, сондай-ақ Агенттік Төрағасының, ол болмаған жағдайда, оның орнындағы адамның шешімі бойынша Басқарманың отырысы басталғанға дейін жазбаша түрде білдірген және осы отырыс басталғанға дейін алынып тасталмаған нақты келіспеушіліктер болған жағдайда хаттама жасалады. Бұл жағдайда Агенттік Төрағасы, ол болмаған жағдайда, оның орнындағы адам Басқарма мәжілісі хатшысының функциясын Агенттік Басқармасының кез келген мүшесіне не Агенттіктің өзге қызметкеріне жүктеуі мүмкін.

Басқарманың отырысына енгізілген мәселелер бойынша материалдар

Агенттіктің Басқарманың отырыс басталғанға дейін кемінде он күн бұрын кешіктірмей алдын ала қарау үшін Басқарманың мүшелеріне жіберілетін қаулыны тікелей шығаруға (ресімдеуге) жауап беретін бөлімшесіне ұсынылады. Басқарманың Төрағасы материалдарды алдын ала қараудың барынша қысқа мерзімдерін белгілеуге құқылы.

Агенттік Басқармасының жұмыс тәртібін оның регламенті айқындайды.

**Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.12.10. N 1495 , 2006.01.18. N 20 , 2006.05.22. N 119 , 2007.05.08. N 326 жарлықтарымен.**

#### **4-тарау. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру**

19. Агенттікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және босататын Төраға басқарады.

20. Төраға Агенттіктің атынан іс-әрекет жасайды және мемлекеттік органдармен, қаржы, халықаралық және басқа ұйымдармен қатынастарда сенімхатсыз Агенттіктің мүддесін білдіреді.

Агенттіктің Төрағасы Агенттіктің қызметі үшін жауап береді.

21. Агенттіктің Төрағасы Агенттіктің Басқармасы үшін осы Ережеде айтылған өкілеттіктерді қоспағанда, Агенттік қызметінің барлық мәселелері бойынша жедел және атқарушы-өкімдік шешімдер қабылдау өкілеттіктеріне ие, соның ішінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнама актілері, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, Агенттік Басқармасының қаулылары негізінде және/немесе оларды орындау үшін Агенттік қызметінің мәселелері бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады, Агенттік Басқармасының қаулыларына қол қояды;

2) өз құзыреті шегінде Агенттікті республикада және шет елде білдіреді;

3) Агенттіктің атынан Агенттік Басқармасының мүшелерін тағайындайды және босатады;

4) Қазақстан Республикасының Президенті тағайындау үшін Агенттіктің Төрағасы орынбасарларының кандидатураларын ұсынады;

5) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Агенттіктің жалпы штат саны және құрылымы негізінде Агенттіктің штаттық кестесін бекітеді;

6) өз орынбасарларының міндеттерін айқындайды;

7) Агенттіктің лауазымды тұлғаларын тағайындайды және оларды жұмыстан босатады, көзге түскен қызметкерлерді ынталандырады, тәртіптік жаза қолданады;

8) Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

9) Қазақстан Республикасының қаржы ұйымдары туралы заңнамасына сәйкес құрылатын Агенттік комиссиясының құрамын бекітеді;

10) Агенттік қызметкерлерінің соттарда және басқа ұйымдарда істерді қарау кезінде қатысу үшін, сондай-ақ өзінің құзыреті шегінде өзге мәселелер бойынша сенімхаттар береді;

11) Агенттіктің атынан шарттар жасайды;

12) Агенттіктің қаржы және өзге есептеріне қол қояды;

13) жоғары кәсіби біліктілігі бар және аса маңызды функцияларды орындайтын жекелеген қызметкерлерге жеке лауазымдық жалақылар белгілейді;

13-1) қаржы нарығындағы кәсіби қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияларды, кредиттік бюролар қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияларды беру туралы шешімдер қабылдайды;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензияларды қайта ресімдеу туралы шешімдер қабылдайды.

15) актуарлық қызметті жүзеге асыруға, қаржы ұйымдарының аудитін жүргізуге лицензиялар беру, оның қолданылуын тоқтата тұру, оларды жаңарту және қайтарып алу туралы шешімдер қабылдайды;

15-1) қаржы ұйымдары, кредиттік бюролар ерікті қайта ұйымдастырылған, ерікті таратылған жағдайларда, сондай-ақ олар уәкілетті органға лицензияларды ерікті қайтарған жағдайларда уәкілетті орган берген лицензиялардың қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдайды;

15-2) арнайы қаржы компанияларын ерікті қайта ұйымдастыруға немесе ерікті таратуға рұқсат береді не оларды беруден бас тартады;

16) банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеу мен қадағалау мақсатында:

банктің тиісті органы осы мәселені қарағанға дейін банктің басшы қызметкерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдарын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді деп тану үшін жеткілікті деректердің негізінде "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабында көрсетілген адамдарды қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету туралы шешім қабылдайды;

мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

17) сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау мақсатында:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тиісті органы осы мәселені қарағанға дейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкерінің іс-қимылдарын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді деп тану үшін жеткілікті деректердің негізінде "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында көрсетілген адамдарды

қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету туралы шешім қабылдайды; мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

18) жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу мен қадағалау м а қ с а т ы н д а :

жинақтаушы зейнетақы қорлары Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда акционерлердің алдына жинақтаушы зейнетақы қорларының басшы қызметкерлерін шеттету туралы мәселені қояды;

мәжбүрлеп таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелерін қызметке тағайындайды және қ ы з м е т т е н б о с а т а д ы .

Агенттіктің Төрағасы (не Агенттік Төрағасының орынбасары) қаралуы Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес Агенттіктің құзыретіне жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша әкімшілік жаза қолдану жөнінде шешім қабылдайды.

Агенттіктің Төрағасы (не Агенттік Төрағасының орынбасары) Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде белгіленген мерзімде лицензия беруден д ә л е л д і б а с т а р т а д ы .

**Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.12.10. N 1495, 2006.01.18. N 20, 2006.05.22. N 119 Жарлықтарымен.**

22. Агенттік Төрағасының үш орынбасары болады. Агенттік Төрағасының орынбасарларын Агенттік Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды. Агенттік Төрағасының орынбасарлары Агенттіктің мүддесін сенімхатсыз білдіреді, құжаттарға қол қояды және Агенттік қызметкерлерінің соттарда және басқа ұйымдарда істерді қарау кезінде қатысу үшін, сондай-ақ өзінің құрызеті шегінде өзге мәселелер б о й ы н ш а с е н і м х а т т а р б е р е д і .

**Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.05.08. N 326 жарлығымен.**

23. Агенттіктің Төрағасы оның құзыретіне кіретін жекелеген мәселелерді шешуді өзінің орынбасарларына, Агенттіктің құрылымдық бөлімшелерінің б а с ш ы л а р ы н а т а п с ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Агенттік Төрағасының орынбасарлары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және олардың функционалдық міндеттерінің бөлінуі негізінде мәселелерді қарайды және шешімдер қабылдайды.

24. Агенттіктің Төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттерін Төрағаның бұйрығы бойынша оның орынбасарларының біреуі атқарады.

25. Агенттіктің Төрағасы Қазақстан Республикасының Президентіне өзінің жазбаша өтінішін ұсына отырып қызметтен кетуге құқылы.

Агенттік Төрағасының орынбасарын Агенттік Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметтен босатады. Төрағаның орынбасары өзінің жазбаша өтінішін Агенттіктің Төрағасы арқылы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсына отырып қызметтен кете алады.

26. Агенттік әкімшілік-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебін, Ұлттық Банктен алған мүлікті есепке алуды, салықтар бойынша есепті дербес жүзеге асырады.

27. Агенттік Төрағасының және оның орынбасарларының жеке жалақыларының мөлшерін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

28. Агенттік Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен басқа мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың қызметкерлерін қаржы ұйымдарына тексерулер жүргізу үшін тартуға құқылы.

## **5-тарау. Агенттіктің есеп беруі**

29. Агенттік жыл сайын Қазақстан Республикасының Президентіне жылдық есепті бекітуге ұсынады.

Агенттік Ұлттық Банкке есепті және Агенттіктің қызметін қаржыландыруға байланысты өзге құжаттаманы Ұлттық Банк белгілеген тәртіппен және мерзімдерде береді.

## **6-тарау. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату**

30. Агенттіктің қайта ұйымдастырылуы мен таратылуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
П р е з и д е н т і н і ң  
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
N 1 2 7 0 Ж а р л ы ғ ы м е н  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің  
құрылымы**

Б а с ш ы л ы қ  
Стратегия және талдау департаменті  
З а ң д е п а р т а м е н т і

Банктерді қадағалау департаменті  
Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы  
қорларын қадағалау департаменті  
Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын  
қадағалау департаменті  
Қаржы ұйымдарын тарату департаменті  
Қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың құқықтарын қорғау  
департаменті  
Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті  
Бухгалтерия  
Лицензиялау департаменті  
Ақпараттық технологиялар департаменті  
Өңірлік өкілдер басқармасы  
Үйлестіру басқармасы - өкілдік (Астана қаласы)  
Көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау басқармасы

Ескерту. Құрылымға өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2004.12.10. N 1495,  
2007.05.08. N 326, 2008.04.23 N 575 Жарлықтарымен.